

8D01450 (6D012000) - «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған
Битемирова Шолпан Абутобаевнаның
«Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік -графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты диссертациялық жұмысына
ғылыми жетекшісінің

ПІКІРІ

Битемирова Шолпан Абутобаевнаның «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми әдістемелік негіздері» атты диссертациялық жұмысы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің «Бейнелеу өнері, технология және музыкалық білім» кафедрасында орындалған. Зерттеу өзектілігімен, ғылыми жаңашылдығымен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Диссертациялық жұмыста кәсіптік оқыту педагогтарын даярлау үдерісіне елеулі үлес қосады. Диссертацияда болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері жан-жақты қарастырылып, зерттеу нәтижелері мен әзірленген әдістемелік жүйе ұсынылған.

Зерттеудің өзектілігі:

Қазіргі заманда бәсекеге қабілеттіліктің басты факторының бірі цифрландыру дәуірінде графикалық иллюстрацияларды кәсіби бағдарламалар арқылы жобалау өзекті болуда. Компьютер мен интернет тек әлеуметтік қатынастарды ғана емес, сонымен бірге өндірістің ұйымдасу тәсілдерін де түбегейлі өзгертті.

Жаңа кезеңнің негізі - білім, заманауи цифрлық технологиялар және адамның ойлау қабілетінің жаңаша мүмкіндіктері; сондықтан инновациялық ойлау мен инновациялық әрекеттердің енгізілуі бүгіннің ең маңызды мәселелерінің бірі болып отыр. Осылайша цифрлық өнер үнемі жаңарып, күн сайын жаңа технологиялар пайда болып отырады. Бұл, әрине, болашақ кәсіби білім беру педагогының компьютерлік-графика бойынша құзыреттілігін арттыруға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Сұранысқа ие маман болу үшін жоғары оқу орындарында кәсіптік оқыту педагогын даярлау барысында заманауи технологияларды үйрету және қолдану маңызды. Бұл болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру қажеттілігін тудырады.

Зерттеу мәселесі бойынша болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастыру күрделі және көп кезеңді процесс болып табылады, ол заманауи әдістемелік тәсілдерге негізделеді. Бұл құзыреттілік компьютерлік графиканы оқу процесінде пайдалану үшін қажетті дағдылар мен білімдерді қамтиды, оқытуды көрнекі, интерактивті және студенттер үшін қызықты етуге ықпал етеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігі ұғымының мәні, мазмұны, құрылымы нақтыланған; болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілікті қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі жасалған; болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін тиімді қалыптастырудың дидактикалық шарттары анықталған. Сонымен қатар ЖОО-да болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі ұсынылды, оның тиімділігі тәжірибелі-эксперимент жұмысы нәтижесінде дәлелденген.

Зерттеу әдістері: зерттеу мәселесіне сай психологиялық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді, кәсіптік білім беру саласы бойынша теориялық зертеулер әдістері; болашақ кәсіптік оқыту педагогын даярлау бойынша білім беру бағдарламалары, оқу жоспарларын, оқу-әдістемелік кешендерді талдау, педагогикалық эксперимент жүргізу, оқу процесін бақылау, пікірталастар, сұхбат алмасу, сауалнама мен тестілеу, әңгімелесу олардың нәтижелерін жүйелеу, өңдеу, тәжірибе нәтижелерін қорытындылап, математикалық-статистикалық өңдеудің эксперименттік деректері толық қамтамсыз етілді және білім беру процесін түсінуді жақсартады.

Автор ұсынған модель оқытудың тиімділігін арттыру және білім алушылардың оқу нәтижелерін жақсарту үшін жүзеге асыру мүмкіндігін көрсетеді.

Практикалық маңыздылығы: «Тігін бұйымдарының компьютерлік графикасы» пәнінің оқу бағдарламасы ендірілді, оқу құралы, электрондық оқулық, электронды практикалық жұмыс, студенттің өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулық, рөлдік ойын, практикалық сабақтар мен диагностикалық жүйені қамтитын оқу-әдістемелік кешен әзірленді. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында, техникалық және кәсіптік білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

Автордың жеке үлесі. Зерттеу нәтижелерін апробациялау: Жұмыстың негізгі нәтижелері халықаралық ғылыми конференцияларда ұсынылып, Scopus дерекқорына кіретін рецензияланған журналда жарияланды, бұл зерттеудің маңыздылығы мен ғылыми деңгейін растайды. Ұсынылған зерттеу моделі болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастыру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. «Тігін бұйымдарының компьютерлік графикасы» пәнін оқытуда компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі әзірленіп, білім алушылардың білімдері мен дамуына ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында апробациядан өтті.

Қорытындылай келе, диссертациялық зерттеу барысында PhD докторант міндеттер қоюдан оларды шешуге табанды түрде кәсіби құзыреттілігін, еңбекқорлығы мен ізденімпаздылығын көрсетті. Зерттеушінің Қазақстанда және әлемдік жетекші ғылыми журналдарда жарияланған көптеген ғылыми мақалалары осының дәлелі.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде «8D014 - Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» 8D01450 (6D012000) - Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін Битемирова Шолпан Абутобаевнаның «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуін ресми түрде қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

Ғылыми жетекші
М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан университетінің
п.ғ.д., профессоры



05.01.2026.
Жолдасбекова С.А.



8D01450 (6D012000) - «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған
Битемирова Шолпан Абутобаевнаның
«Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік -графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты диссертациялық жұмысына
ғылыми жетекшісінің

ПІКІРІ

Битемирова Шолпан Абутобаевнаның «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми әдістемелік негіздері» атты диссертациялық жұмысы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің «Бейнелеу өнері, технология және музыкалық білім» кафедрасында орындалған. Зерттеу өзектілігімен, ғылыми жаңашылдығымен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Диссертациялық жұмыста кәсіптік оқыту педагогтарын даярлау үдерісіне елеулі үлес қосады. Диссертацияда болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері жан-жақты қарастырылып, зерттеу нәтижелері мен әзірленген әдістемелік жүйе ұсынылған.

Зерттеудің өзектілігі:

Қазіргі заманда бәсекеге қабілеттіліктің басты факторының бірі цифрландыру дәуірінде графикалық иллюстрацияларды кәсіби бағдарламалар арқылы жобалау өзекті болуда. Компьютер мен интернет тек әлеуметтік қатынастарды ғана емес, сонымен бірге өндірістің ұйымдасу тәсілдерін де түбегейлі өзгертті.

Жаңа кезеңнің негізі - білім, заманауи цифрлық технологиялар және адамның ойлау қабілетінің жаңаша мүмкіндіктері; сондықтан инновациялық ойлау мен инновациялық әрекеттердің енгізілуі бүгінгі ең маңызды мәселелерінің бірі болып отыр. Осылайша цифрлық өнер үнемі жаңарып, күн сайын жаңа технологиялар пайда болып отырады. Бұл, әрине, болашақ кәсіби білім беру педагогының компьютерлік-графика бойынша құзыреттілігін арттыруға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Сұранысқа ие маман болу үшін жоғары оқу орындарында кәсіптік оқыту педагогын даярлау барысында заманауи технологияларды үйрету және қолдану маңызды. Бұл болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру қажеттілігін тудырады.

Зерттеу мәселесі бойынша болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастыру күрделі және көп кезеңді процесс болып табылады, ол заманауи әдістемелік тәсілдерге негізделеді. Бұл құзыреттілік компьютерлік графиканы оқу процесінде пайдалану үшін қажетті дағдылар мен білімдерді қамтиды, оқытуды көрнекі, интерактивті және студенттер үшін қызықты етуге ықпал етеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігі ұғымының мәні, мазмұны, құрылымы нақтыланған; болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілікті қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі жасалған; болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін тиімді қалыптастырудың дидактикалық шарттары анықталған. Сонымен қатар ЖОО-да болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік-графикалық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі ұсынылды, оның тиімділігі тәжірибелі-эксперимент жұмысы нәтижесінде дәлелденген.

Зерттеу әдістері: зерттеу мәселесіне сай психологиялық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді, кәсіптік білім беру саласы бойынша теориялық зертеулер әдістері; болашақ кәсіптік оқыту педагогын даярлау бойынша білім беру бағдарламалары, оқу жоспарларын, оқу-әдістемелік кешендерді талдау, педагогикалық эксперимент жүргізу, оқу процесін бақылау, пікірталастар, сұхбат алмасу, сауалнама мен тестілеу, әңгімелесу олардың нәтижелерін жүйелеу, өңдеу, тәжірибе нәтижелерін қорытындылап, математикалық-статистикалық өңдеудің эксперименттік деректері толық қамтамсыз етілді және білім беру процесін түсінуді жақсартады.

Автор ұсынған модель оқытудың тиімділігін арттыру және білім алушылардың оқу нәтижелерін жақсарту үшін жүзеге асыру мүмкіндігін көрсетеді.

Практикалық маңыздылығы: «Тігін бұйымдарының компьютерлік графикасы» пәнінің оқу бағдарламасы ендірілді, оқу құралы, электрондық оқулық, электронды практикалық жұмыс, студенттің өзіндік жұмысына арналған әдістемелік нұсқаулық, рөлдік ойын, практикалық сабақтар мен диагностикалық жүйені қамтитын оқу-әдістемелік кешен әзірленді. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында, техникалық және кәсіптік білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

Автордың жеке үлесі. Зерттеу нәтижелерін апробациялау: Жұмыстың негізгі нәтижелері халықаралық ғылыми конференцияларда ұсынылып, Scopus дерекқорына кіретін рецензияланған журналда жарияланды, бұл зерттеудің маңыздылығы мен ғылыми деңгейін растайды. Ұсынылған зерттеу моделі болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастыру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. «Тігін бұйымдарының компьютерлік графикасы» пәнін оқытуда компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі әзірленіп, білім алушылардың білімдері мен дамуына ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында апробациядан өтті.

Қорытындылай келе, диссертациялық зерттеу барысында PhD докторант міндеттер қоядан оларды шешуге табанды түрде кәсіби құзыреттілігін, еңбекқорлығы мен ізденімпаздылығын көрсетті. Зерттеушінің Қазақстанда және әлемдік жетекші ғылыми журналдарда жарияланған көптеген ғылыми мақалалары осының дәлелі.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде «8D014 - Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» 8D01450 (6D012000) - Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін Битемирова Шолпан Абутобаевнаның «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының компьютерлік графикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуін ресми түрде қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

Ғылыми жетекші
М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан университетінің
п.ғ.д., профессоры



05.01.2026

Жолдасбекова С.А.

